



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№30 (1812)
7 тамыз
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Қазақ болмысын дөп таныған кемеңгер

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абай аманаты» атты мақаласында: «Ұлы ақын, дана ойшыл Абай XIX және XX ғасырлар тоғысындағы ағартушылық немесе ояну дәуірінің көшбасшысына, елдің болашақ бағдарын айқындап берген рухани темірқазығына айналды», – деген-ді. Абай Құнанбайұлы – қазақтың болмысы мен мінезін дөп таныған кемеңгер, дана. Ол тек қазаққа ғана тән емес, күллі адамзатқа ортақ тақырыптарды көтеріп, надандықтың шеңберінен шығуға шақырған тұлға. Былтыр 175 жылдығын ел болып дүркіретіп өткізгеніміз бәрімізге мәлім.



мерекелік іс-шара (онлайн ZOOM) және фотокөрме ұйымдастырылды.

Ақынның елдің өткені мен келешегін саралап айтқан толғамды қара сөздері мен қара өлеңдері ұлттың өшпес мұрасы боп қала бермек. Түрлі зерттеулер мен ағарту орталықтарында дананың әрбір келелі сөзін жас ұрпаққа жеткізу тұрғысынан сандаған еңбектер жазылды, әлі де жазылуда.

Жалғасы 2-бетте

Ұлы ойшылдың туған күні қарсаңында биыл да оның баға жетпес мұрасын насихаттау ниетімен түрлі жоба-жоспарлар қолға алынды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де «Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы арнау» бейнеролигі дайындалып, «Көзімнің қарасы» әніне ұлттық аспаптарда музыкалық чөллендж, Абайдың шығармашылық мұрасының өмірлік маңызы мен мәні туралы онлайн форматта республикалық ғылыми конференция, кураторлық сағаттар, дөңгелек үстелдер, «Адамзаттың Абайы» атты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жас ғалымдары мемлекеттік грант алушылардың үздік ондығын бастап тұр. Бұл – 2020-2022 және 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру байқауларының қорытындысы.

Жас ғалымдар көш бастап тұр



ҚР Білім және ғылым министрлігінің хабарлауынша, 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми жобалар байқауына еліміз бойынша жалпы саны 1374 өтініш келіп түскен. Оның 164-і мақұлданды. Жалпы саны 1034 адамнан тұратын зерттеушілерге 8,9 млн теңге қаражат бөлінген. Ал 2021-2023 жылдарға арналған қаржыландыруға 547 жоба өткізілген, оның 151-і бекітілді. Екі байқауда 2062 жас ғалым қатысты. Жалпы сомасы 16 млн теңгеден астам қаражат жас ғалымдардың ғылыми жобаларын қаржыландыруға бағытталып отыр.

Жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы зерттеулерін қаржыландыруға бағытталған екі байқау бойынша ҚазҰУ-дың жас ізденушілеріне 57 жоба тиесілі. Оқу ордасының еншісіндегі жалпы жүлде көлемі 2,8 млн теңгені құрайды. Екінші орынды 15 жобамен С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ иемденді. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ 15 жобамен үшінші орында келеді.

Қолданбалы зерттеулер санатындағы ҚазҰУ ғалымдарының жұмыстары – Ұшпа органикалық қосылыстарды жою үшін ауаны фотокатализитикалық тазарту технологиясын дамыту (Б.Оралбеков); Өзендер мен каналдардың күрделі жүйесіндегі бөгеттің штаттық және штаттан тыс бұзылуы кезінде тасқын, серпінді толқындар мен балшық тас қоспаларын модельдеу (А.Исахов);

Жалғасы 5-бетте

Игорь СОН, призер олимпиады:

Все олимпийцы соберемся в университете

Игорь Сергеевич Сон родился 16 ноября 1998 года в с. Уштобе Алматинской области. Тяжелая атлетика, мастер спорта международного класса Республики Казахстан, серебряный призер чемпионата мира по тяжелой атлетике 2019 года в весовой категории до 55 кг, бронзовый призер летних Олимпийских игр 2020 в Токио в весовой категории до 61 кг. В 2013 году принял участие на своём первом крупном международном турнире – чемпионате мира среди юношей. Занял итоговое 13-е место в категории до 50 кг. В 2015 году на молодёжном чемпионате Азии стал победителем в весовой категории до 50 кг. В сентябре 2019 года Игорь Сон на своём первом взрослом чемпионате мира в Паттайе в весовой категории до 55 кг завоевал серебряную медаль в



сумме двоеборья с результатом 266 кг. В рывке он завоевал малую бронзовую медаль. В феврале 2020 года на чемпионате

международного единства по тяжелой атлетике в Ташкенте Игорь Сон завоевал золотую медаль в весовой категории до

61 килограмма, подняв в сумме двоеборья 286 кг. 2021 года в Токио на летних Олимпийских играх 2020 в весовой категории до 61 кг. И.Сон в сумме двоеборья поднял 294 (131+163) кг и занял третье место. На состязаниях в Токио он установил личный рекорд. Бронзовый призер Токийской олимпиады Игорь Сон учится на 1 курсе медицинского факультета КазНУ им. Аль-Фараби. Сейчас Игорь находится в родном ауле Уштобе, после тяжелых олимпийских нагрузок восстанавливает силы. Несмотря на усталость от поездки и нехватка времени Игорь согласился на мини-интервью для газеты «Қазақ университеті». Беседа состоялась по телефону.

Окончание на 2-ая стр.



Жігерлі
жандар ғана
жеңіске жетеді

3



Бибизия ҚАЛШАБАЕВА:
Басты құндылығымыз
– азаматтық татулық
пен ұлтаралық келісім

4



OMSsystem –
қазақ тілінде
талдау
жасайтын жүйе

6

Қазақ болмысын дөп таныған кемеңгер

Соңы. Басы 1-бетте



бағыт-бағдарын табу биографтан зор даярлықты, қуатты творчестволық ізденісті талап етті».

Қажым Жұмалиев: «Қазақтың ұлы ақыны Абайдың зор еңбегінің бірі – жастарды, әсіресе болашақ ел өмірімен байланысты ақын-жазушыларды тәрбиелеу. Орыс, шығыс, батыс елдерінің мәдениетіне сүңгіп, түбінен керекті маржанын теріп ала білген ақын және елін өнер-білімге үндеп, жастарды оқуға сүйрейді. Балаларын орысша мектептерде оқытып, олардың жоғары дәрежелі білімі бар адам болуларын талап етеді. Адамгершілік, жақсы мінез-құлыққа тәрбиеледі. Ақындарына өзі тақырып беріп, әр халықтың өмірінен поэмалар жаздырып, өзі олардың сыншысы болды. Мағауияға «Медғат-Қасым», Ақылбайға «Қисса Жүсіп», тағы басқаларға осылар тәрізді өлең-жырлар жаздырды. Өзі Пушкин, Лермонтов, Крыловтардан өлең аударып, жас ақындарға солардың өлеңдерін үлгі етті. Абайдан кейінгі қазақ ақындарының көпшілігі қазақтың өз әдебиетінің шеңберінде қалып қоймай, орыс, шығыс, батыс әдебиеттеріне еліктеулерінің негізгі бір себебі Абайдың әсері, Абайдың үлгісі болатын».

Жұмағали Ысмағұлов: «Абай осы зәрулікті түсінгендіктен де, ел тіршілігінен бойын аулақ сала алмады. Бұқара халықтың қалауымен біраз жыл әкімшіліктің билік ісіне араласты. Бірде төреші, бірде төбе би бола жүріп, ел ішінің тыныштығын көздейтін, зорлық-шыны тегзе салып, жәбірленушінің теңдігін әперетін жерде өзінің ақыл-парасаты мен қажыр-қайратын іркіп қалған жоқ. Сөйтіп жүріп ол халықтың Абайы атанды».

Рәбиға Сыздықова: «Абай қазақтың ауызша тараған көркем сөзін ұлттық жазба дүние дәрежесіне жеткізді, поэтикалық тіліне жаңа сапа енгізді. Бұл Абайды жаңашыл әрі классик қаламгер деп танытты. Өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі де сөз зергерлерінен Абайдың шоқтығы биік тұруының негіз-себептері көп болса, солардың бірі – Абайдың жеке суреткерлік қолтаңбасы немесе шығармашылық контекст дегенді айқын көрсетуі болды, яғни ол

өзінің ақындық қуатын, сөз тану қабілетін, сөз жұмсау талантын жаңаша, өзінше көрсетті, өз қолтаңбасын танытты.

Шеберлік, көркемдік сияқты Абайдың тіліндегі кестенің бізі – өткірдің жүзімен салынған сөз өрнектерінің бір нақышы. Міне, поэзиясы мен прозасында осындай шеберлік пен көркемдік көрсеткен ұлы Абайдың поэтикалық сөз кестесі, толғауы тоқсан қызыл тілінің өрнегі осындай».

Сағат Әшімбаев: «Абайдың адамшылық қасиет, адамгершілік және мораль мәселелеріне арналған, сондай-ақ ұлттық мінезіміздегі кейбір кенеуі кеткен кемшіліктерді көрсететін өлеңдерін оқып отырғанда бүгінгі тірлігіміз еске түседі. Ал қазіргі өміріміздің бұкпесі мол, күрмеуі көп тұстарындағы күмілжіп қалған сәттерімізде ақ пен қараны айқын ажырату үшін ақиқаттың айнасы ретінде Абай өлеңдеріне жүгінетіміз бар. Бұл бір біздің ғана емес, жалпының басындағы жалпылама шындық болуға тиіс. Сондықтан да біз өз басымыз Абайға жүгінбейтін, ақын сөзіне сүйеніп, ақиқатқа айқын көз жеткізгісі келмейтін есті қазақ бар дегенге сенбейміз. Өзінді өзің білгің келсе, өмірдің өзің білмейтін және өзгелерге де беймәлім сауалдарына жауап іздеген кезде Абай өлеңдерін оқу үстінде көңілге медеу, жүрекке жылу алатын кездеріміз де аз емес».

Жанғара Дәдебаев: «Абай – адамның мінезін, заманның бетін өзі жүйесін түзген ілімінің ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтарға негізделген қағидаларына сай түземекші болған адам. Жоғарыда көрсетілгендей, бұл – адамзат қоғамының тарихындағы ең бір ізгі, ең бір асыл мақсат. Алдына мұндай мақсат қою үшін кісінің жүрегінде адамзатқа деген шексіз хәм шартсыз сүйіспеншілік болуы қажет. Адам мінезін түзеу, сол арқылы адамды толық, кемел деңгейге көтеру туралы өзекті ой жекелеген тұлғаларға ғана қатысты емес, көпке қатысты. Бірдің емес, көптің қамын ойлау бірдің де, көптің де жайы мен жағдайын, іші мен тысын терең тануға жол ашады».

Дайындаған
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ



Игорь СОН, призер олимпиады:

Все олимпийцы соберемся в университете

Начало на 1-й стр.

– Игорь, здравствуй, поздравляем с олимпийской медалью! Как отдыхаете на родине? Родной университет ждет своего олимпийца, когда в Алматы приедешь?

– Спасибо! Сейчас я нахожусь в Уштобе. Собираюсь в Нурсултан на встречу с Президентом К а с ы м - Ж о м а р т о м Токаевым. В Алматы пока не знаю когда поеду. Недавно связывался с куратором в КазНУ Анатолием Ивановичем Арещенко, он сказал, что после закрытия олимпиады всех участников соберут в КазНУ. В олимпиаде участвовали из КазНУ 11 спортсменов, все мы одновременно соберемся в университете.

– Когда все позади, основная цель достигнута, можешь сказать, пока ехали в Токио рассчитывал на медаль?

– Конечно, расчет был, но не на сто процентов. Тем не менее заранее загадывать нельзя. Это – спорт, здесь все может произойти неожиданно, удача повернется на 180 градусов. Поэтому в большом спорте никто не знает что впереди ожидает. Шанс подвернулся. Надо было поднимать. Эти подходы в толчке были очень важными. Пришлось собираться. Не могу передать словами свое волнение. Перед отлетом в Токио я дома не поднимал столько килограммов. Получается, у меня соревновательный рекорд здесь состоялся.

– Почему не засчитали второй подход в рывке?

– Сыграл локоть, в толчке – то же самое. Ма-

лейший зажим – уже не засчитывают. Все нужно делать ровно.

– В целом, сам доволен своим выступлением?

– Конечно, доволен, самое главное – мой тренер доволен. Олимпиада – это не простое соревнование, здесь участвуют самые сильные, лучшие спортсмены мира.

– Большое дело сделано – груз с плеч... Какие планы на ближайшее время?

– Пока никаких планов. Буду своими делами заниматься, реабилитироваться, восстанавливать силы, лечить травмы. За время подготовки к олимпиаде очень большую работу проделал, много сил потратил. Бесконечные поездки тоже изнуряют. Сами понимаете, желающих пообщаться очень много, каждый день десятки звонков от журналистов поступают, всем надо отвечать, и разные встречи много времени отнимают. Фактически для отдыха время не остается, разрываюсь можно сказать. Сейчас я хочу просто отдохнуть.

– Какие перспективные планы, например, через 4 года в следующую олимпиаду в Париж за золотом поедем?

– Не знаю, буду я готовиться на следующую олимпиаду или нет, пока ничего не могу сказать. Конечно, на достигнутом останавливаться нельзя, надо всегда вперед двигаться. Время покажет.

– Спасибо за интервью! Удачи!

Беседовал
Каиржан
ТУРЕЖАНОВ



TOKYO 2020



Токио-2020 олимпиадасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 12 студенті мен түлегі бақ сынауда. Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасының қатарында олимпиадаға жолдама алған мына спортшылар бар:

Һәм мақтанышы. Ал біз, ұстаздар, үшін зор қуаныш. Неге десеңіз, «Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады» демекші, біз де шәкіртімізге тілекшіміз. Міне, қанша жыл өтсе де, студентім Елдос Сметов әлі күнге кешегідей

арнаймын. Мен елімнің Әнұраны жеңіс тұғырынан мақтанышпен естілуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын», – деген болатын. Сол сөзін бүгін де тағы бір мәрте дәлелдеді. Биылғы жеңісін Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына

өткен біздің студент. Бұл қайран қаларлықтай оқиға. Қазіргі таңда университетіміз спорттық жетістіктерімен танымал. Осы күнге дейінгі олимпиадаларда университет тұлғалары төбе көрсетіп келеді. Олардың жеткен жеңісі мен

Жігерлі жандар ғана жеңіске жетеді

1. Дмитрий Баландин – жүзу, 2016 жылғы Рио олимпиадасының чемпионы.

2. Виталий Худяков – 10 шақырымға ашық суда жүзу, 2016 жылғы Рио олимпиадасы ойындарының қатысушысы, заң факультетінің 2-курс студенті.

3. Нұрдәулет Жұмағали – жүзу, Токио-2020 XVI – жазғы параолимпиадалық ойындарының қатысушысы, медицина факультетінің 1-курс студенті, денешынықтыру және спорт мамандығы.

4. Елдос Сметов – дзюдо күресі, 2016 жылғы Рио олимпиадасының күміс жүлдегері.

5. Жансай Смағұлов – дзюдо күресі, 2016 жылғы Рио олимпиадасы ойындарының қатысушысы.

6. Данияр Қайсанов – еркін күрес, медицина факультетінің 1-курс студенті, денешынықтыру және спорт мамандығы.

7. Әлішер Ерғали – еркін күрес, медицина факультетінің 1-курс студенті, денешынықтыру және спорт мамандығы.

8. Игорь Сон – ауыр атлетика, медицина факультетінің 1-курс студенті, денешынықтыру және спорт мамандығы.

9. Жанна Мамажанова – жеңіл атлетика, марафон, медицина факультетінің түлегі.

10. Эльмира Сыздықова – әйелдер күресі, 2016 жылғы Рио олимпиадасының қола жүлдегері.

11. Санжар Мұсаев – садақшы, зия қубогының қола жүлдегері, заң факультетінің 2-курс студенті.

12. Нұрислам Санаев – еркін күрес, 2018 жылғы Азия чемпионатының күміс жүлдегері, заң факультетінің түлегі.

Токио-2020 олимпиадасына қатысушы тұлғаларымыз бен студенттеріміз еліміздің әрі университетіміздің абыройын асқақтатып, өскелең ұрпаққа үлгі бола білген спортшылар. Олимпиада төрінде бірі туымызды көкке көтергенде ел болып бөркімізді аспанға атсақ, енді бірінің тілеуін тілеп, халық болып қолдап жатырмыз. Бұл қуаныш қарашанырақ ҚазҰУ-дың да беделін көтеретүсті.

Дзюдошы Елдос Сметов ҚазҰУ-дың заң факультетін бітірген. Токио-2020 олимпиадасында 60 келі салмаққа ел намысын қорғап, қола медальға қол жеткізді. Осы орайда, біз Елдостың ұстазы, Биофизика және биомедицина кафедрасының доценті, биология ғылымының кандидаты **Зифа Асқарованы** әңгімеге тарттық.

– Университетімізді тәмамдап кеткен әрі әлі оқуын жалғастырып жатқан барлық спортшылар мемлекетіміздің намысы



есімде. Бір себебі оның қаншалықты спорт шебері болса да, адами құндылығының жоғары болғанынан шығар. Ол достарымен, курстастарымен жақсы қарым-қатынаста болды. Бұл курсқа мен «Адам физиологиясы» пәнінен дәріс оқыдым. Елдос сол кездің өзінде олимпиада мен халықаралық, республикалық жарыстардан жүлде алатын. Риза болатыным, оның бойында «чемпионмын» дейтіндей мысқалдай мақтаныштың яки менмендіктің нышаны байқалмайтын. Әсіресе олар жарысқа шығар алдында жаттығу күніне екі-үш реттен болатын. Соның өзінде сабаққа қатысып, дәрістерден қалмайтын. Жалғыз Елдос қана емес, оның қасындағы жолдастары да сондай болатын.

Қазақ-орыс топтары бірлікте дәріске де, спортқа да уақыттарын арнай білді. Оның ішкі мәдениеті, білімі әрі спорттық шеберлігі бір-бірімен үйлесіп тұратын. Осындайда әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген сөзі ойға оралады. Бұл бекерден-бекер айтылмаса керек. Құдды біздің спортшы тұлғаларымызға қарап айтылғандай. Осынау өскелең ұрпаққа қарап олардың әрі тәлімді, әрі білімді екеніне көңілің толады. Мен Елдос шәкіртіміңнің бұған дейінгі 2016 жылғы Рио олимпиадасында, Азия ойындарында, әлем чемпионаттарында жеткен барлық жеңісі үшін қаймана халықтың бірі және ұстазы ретінде қуаныштымын. Студент кезінде жеткен жеңістеріне өзі де қуанатын, өзгені де қуанта білетін. Әлі де сол қалпынан таймай келеді. Ол 1-курста оқып жүргенде Кейптаун қаласында (ОАР) өткен дзюдо күресінен жастар арасындағы әлем чемпионатында III орын иеленген-ді. Сонда ол: «Мен өз жетістігімізді Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына

арнап отырғаны да анық, – деп жауап берді ұстаз.

Токио-2020 олимпиадасының тағы бір жүлдегері – Игорь Сон Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың денешынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім алуға. Ол 61 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде ауыр атлетикадан жүлқа көтеру және серпе көтеру жаттығуы бойынша 294 (131+163) келіні бағындырып, Қазақстан қоржынына қола медаль салды. Жеңімпаз жөнінде ұстазы, медицина және денсаулық сақтау факультеті Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының профессоры **Анатолий Арещенко** өз ойын білдірді:

– Игорь Сон өте қажырлы азамат. Ол күніне үш рет үздіксіз жаттығатын. Сол себепті сабағына да көлеңке түспей қоймады. Дегенмен барлығымыз оған үлкен үміт арттық. Ол кншығыс елінде үмітімізді ақтады. Азия чемпионатында жеңімпаз атанған шағында 51 келі салмақта болатын. Ал бұл салмақта олимпиада ойындарында өнер көрсету мүмкін емес-ті. Сол себепті 10 келі салмақ қосып, 61 келі салмаққа дейін жетті. Салмақ жинаудың өзі оңай емес. Оған ерік-жігерлі еңбек қажет. Физикалық тұрғыдан көп дайындық керек болды. Сол салмаққа жету мен жаттығу үшін оның көп уақыты спортқа кетті. Игорьдың бұнысын ерлік деп айтсақ, бекер емес. Қазақстаннан ауыр атлетикадан олимпиадаға лицензия алған екі жан болса, соның бірі – біздің студент Игорь Сон. Ол келешегі бар жігерлі жас.

Ендігі үлкен үміт Виталий Худяковта. Оның қандай тәуекелге барғанына баршамыз куәміз. Олимпиада ойындарына дайындық ретінде Ыстықкөлдегі Шолтан-Ата және Каджи-Сай қалалары бағыты бойынша бір жағадан екінші жағаға жүзіп өтті. Тарихта алғаш рет қалалар арасындағы 60 шақырым қашықтықтағы көлді жүзіп

асқан асулары баршаға мәлім.

Ал бүгінде біздің тұлғалардың Токио-2020 олимпиадасынан жеңіспен оралуы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Денешынықтыру және спорт кафедрасы мен университеттің спорт клубы жоғары және сапалы дәрежеде екенін көрсетеді. Біз осымен тоқтап қалмаймыз деп ойлаймын, басқа да спортшыларымыздың жеңіс төрінен табыларына үміт артамыз. Еліміздің абыройын асқақтатып жатқан барша спортшыларға тілерім: тек жеңіс! Әрине, ел қоржынына тағы да бірнеше медаль түссе деген үміт бар, – дейді ұстаз.

Денешынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымының кандидаты **Ермек Қырғызбайұлы** олимпиада және кафедраның студенттері хақында былай дейді:

– Биыл Covid-19-ға байланысты көптеген тұлғаларымыз бен студенттеріміз олимпиадаға бара алмай қалды. Жалпы тізімде 25 студентімізді олимпиадаға жіберу керек болатын. Келешектегі олимпиадаларға ҚазҰУ студенттерін бұдан да жоғары дәрежеде дайындамақпыз. Біздің денешынықтыру және спорт кафедрасына Қазақстандағы ең мықты деген талапкерлер оқуға түседі. Олар, көріп отырғандарыңыздай, міндетті түрде олимпиадаға барады. Оларға университетімізден түрлі жеңілдіктер беріледі. Ха-

лықаралық жарыстарға осындай шәкірттерді тәрбиелегеніміз үшін алғыс хаттар келіп тұрады. Баршасы білетіндей, біздің спорт кафедрасының дипломы өте жоғары дәрежеде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың спорт кафедрасы әлемдегі топ-200 университеттің спорт кешендері қатарында, – дей отырып, кафедра меңгерушісі, қазіргі таңда университетімізде денешынықтыру және спорт саласының дамуы үшін барлық жағдай жасалғанын, сапасы керемет техникалық база студенттердің кез келген уақытта әртүрлі секцияларға қатысып, спортпен айналысуына үлкен мүмкіндік беретінін қоса айтты.

Жаттықтырушы мен спортшыларымыздың талмай еңбек етуінің арқасында ҚазҰУ тұлғалары қазіргі таңда Токио-2020 олимпиадасында сәтті өнер көрсетіп жүргенін тілге тиек етіп, сөзін қорытындылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өз атынан және университет ұжымы атынан Елдос Сметов пен Игорь Сонның жеңістеріне құттықтауын жолдады. Еліміздің бедел-абыройын асқақтатқан ҚазҰУ студенттерінің спорттағы жетістіктерімен мақтана отырып, барлық спортшыларымыздың елге жеңіспен оралуын тілейміз.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

P.S.

Бет қатталып жатқанда еркін күрестен 57 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Нұрислам Санаев Токио олимпиадасының қола жүлдегері атанған сүйінші хабарды естідік. Ол кіші финалда болгариялық Георгий Вангеловті 5:1 есебімен жеңген-ді. Жерлесіміз жартылай финалда, өкінішке қарай, Үндістан балуаны Рави Кумарға есе жіберіп қойды. Қола медаль үшін күресте Нұрислам намысты қолдан бермеді. Университет түлегін жеңісімен құттықтай отырып, мақтан етеміз.

Ел тәуелсіздігінің баянды болуының біртетігі мемлекетіміздің 30 жылдан бері жүргізіп келе жатқан этносаясатымен де байланысты. Осы уақыт аралығында әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдер қатарына қосылу мақсатында ҚР дамуының стратегиялық бағыттарын қалыптастырды.

Бибізия ҚАЛШАБАЕВА,

тарих ғылымының докторы, профессор:

Басты құндылығымыз – азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім

Еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуы мемлекеттің тұрақты дамуымен және өз кезегінде ел ішіндегі ұлтаралық бейбітшілікті қамтамасыз етуімен байланысты. Ал мұндай мақсатқа жету үшін қазақ қоғамының мемлекеттілігі мен саяси тұрақтылығының басты тұғыры – этносаралық үйлесімділік пен келісім. Елбасының этносаралық қатынаста табысқа қол жеткізуінің тетігі ең алдымен 130-дан астам этностың басын біріктіруші бүкіл қазақстандықтардың ынтымақтастығы, яғни ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін реттеу болса, екіншісі – толеранттылық, ал үшіншісі – тарихи тағдырлардың қауымдастығы Қазақстан халқы Ассамблеясын құруында еді.

Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Сондықтан да Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Археология, этнология және музеология кафедрасының этнолог мамандары да этносаралық қатынастарды дамыту мәселелеріне өз үлестерін қосуда. Этнология ғылымы негізінде халықтың шығу тегін, этникалық тарихын, халықтар арасындағы қарым-қатынасты, мәдениетін зерттейтіндіктен, этнолог мамандарды тереңдей дайындау мақсатында «Қазақстанның этносаясаты», «Қазақстанның этникалық топтар этнографиясы», «Қазақстанның этномәдени үдерістері», «Қазақстандағы этноконфессиялық үдерістер», «Әлемдік кеңістіктегі этносаяси үдерістер» т.б. тақырыптарда дәрістер оқылады. Археология және этнология мамандығын бітірген түлектеріміз ҚР министрліктерінде, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарының мәдениет бөлімдерінде, этносаралық қатынастар мәселелерімен айналысатын бөлімдерінде, облыстық, аудандық мәдениет бөлімдерінде қызмет атқарауда. Осы салаларда қызмет етіп жүрген түлектеріміз де еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі мәселелері саласында атсалысуда. Бұл, әрине, Археология, эт-

нология және музеология кафедрасының кадр даярлаудағы Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл қарсаңындағы үлесі деп білеміз. Бұрын «Археология және этнология» мамандығы аясында бірге дайындалса, 2020 жылдан бастап «Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы негізінде магистратура деңгейі бойынша мамандар даярлануда.

Өткен 30 жылда, әрине, көп өзгерістер болды. Факультетте мамандық аялары кеңейіп, білім беру бағдарламаларының саны

Вели атындағы Анкара университетінің профессоры, Түркия), Марина Толмачева (Вашингтон мемлекеттік университетінің профессоры, АҚШ), Ренато Сало (Туринский университет, Италия), Ирена Скуба (СГХ Халықаралық қатынастар бөлімінің жетекшісі, Польша), Сейфи Иылдырым (Хаджетепин университетінің профессоры, Түркия), Колин Макфадден (Миннесоты университетінің профессоры, АҚШ), Паул Уерз (Невада университетінің профессоры, АҚШ), Ангела Шоттенхаммер (Зальц-



шы, Шығыс Қазақстанның Тарбағатай ауданы, «Геоархеология» халықаралық зерттеу лабораториясымен Есік қорғанына бірлескен экспедиция) қатысып, тәжірибе алмасып, қазба жұмыстарына бейімделеді.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері Археология, этнология және музеология кафедрасы кеңейтілді. Кафедраның өсіп-өркендеуінде былтыр марқұм болған белгілі ғалым, т.ғ.д., профессор У.Шәлекеновті айтпай кете алмаймыз. Өмірінің соңғы кезеңіне дейін ортағасырлық «Ақтөбе» (Баласағұн) қаласында студенттердің археологиялық-этнографиялық тәжірибені игеруде өзінің білімін, бейімін, тәжірибесін бөлісуде аяңған жоқ,

бург университетінің профессоры, Австрия) және т.б.

Археология, этнология және музеология кафедрасының мамандары да шетелдік ЖОО мамандарымен бірлесіп зерттеу жұмыстарын қатар алып келеді. Мәселен, Алтай мемлекеттік университетімен (РФ), РҒА Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтымен, Санкт-Петербург қаласындағы РҒА Материалдық мәдениет институты т.б. зерттеу институттарында археологиялық артефактілерге зертханалық талдау жүргізсе, енді біреулерімен этнография саласында ынтымақтаса жұмыс жүргізіп отыр. Алыс шетелдердегі мамандармен де тығыз қарым-қатынаста бола отырып, бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Олар Эхимае университеті (Жапония), НАРА (Жапония) университетінің мамандары – профессор Ясюки Муракамимен археология саласында, профессор Садакацу Кунитакэ дендрохронология мәселелерімен тәжірибе алмасады. Сынцзян педагогикалық университетінен (Қытай) PhD Нұрбақыт Туерхун, Газий университетінен (Түркия, Анкара) профессор Оджал Огуз, Цюрих университетінен (Швейцария) Петер Финке т.б. этнология саласында кафедра мамандарына кеңесін беріп, тәжірибе алмасып, зерттеулер жүргізуде.

Шетелдік ғалымдармен тығыз қарым-қатынаста болу мақсатында халықаралық ғылыми конференциялар жиі ұйымдастырылып отырады. Мәселен, 2018 жылы «Түркі дүниесінің саяси-экономикалық және мәдени дамуы», «Ғасырлар тоғысындағы Алаш идеялары», 2019 жылы «Ботай мәдениеті және Орталық Азиядағы энеолиттік ескерткіштер» т.б. тақырыпта конференциялар өткізіліп, факультет, кафедра ұжымының шетелдік ғалымдармен тығыз байланыста болуына жағдай жасалған.

Факультетте студент, магистранттардың қос дипломды бағдарлама негізінде де білім алу жолға қойылған. Мәселен,

2018/19 жж. жеті магистрант білім алса, 2020 ж. олардың саны 23-ке жетті. Ал әлемдегі жағдайға байланысты 2020/21 жж. алты магистрант білім алуда. Академиялық ұтқырлық бойынша серіктес ЖОО-лар қатарында: Ла Сапиенца Рим университеті, Ыстамбұл университеті, Ататүрік университеті, Анкара Хажы Байрам Вели атындағы университеті, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті, Алтай мемлекеттік университеттері т.б. бар.

Факультет, кафедра ұжымы оқытудың жаңа технологияларын дамыту және оны оқу үдерісіне интеграциялауда табысты еңбек етуде. Кейбір пәндер бойынша қашықтан оқытудың Жаппай ашық онлайн курстары (MOOC), атап айтқанда: «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта», «Әлем халықтарының этнографиясы», «Ежелгі шығыс өркениеті» пәндері бойынша қолданыста болса, болашақта мұндай курстардың тиімділігіне байланысты «Ортағасырлық еуропалық өркениет», «Этнологияның зерттеу әдістері», «Орталық Азия тарихы» (ағылшын тілінде), Modern History of Kazakhstan, «Археология негіздері» т.б. курстарды дайындау жоспарланды.

Сондай-ақ студенттердің болашақта сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету мақсатында факультет, кафедра ұжымы жұмыс берушілермен де тығыз қарым-қатынаста. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ә.Марғұлан атындағы Археология институты, ҚР Орталық мемлекеттік музейі, ҚР Президенті архиві, Ә.Қастеев атындағы Өнер музейінің мамандары да шақырылып, студенттерге дәріс береді. Сонымен қатар аталған ғылыми-зерттеу институттарында, музейлерде, архивтерде практика өткізудің базасын ашып қойған. Студенттер жыл сайын белді археолог-этнолог мамандардың экспедицияларына («Ақтөбе» (Баласағұн) экспедициясы, «Елеке сазы» экспедиция-

Кеңес дәуірінен бері бүкіл КСРО-да бірден-бір студенттердің тәжірибе меңгеру орталығы болған «Ақтөбе» (Баласағұн) қаласын заманауи талаптарға қарай қайта жабдықтау арманына жете алған жоқ. Оны жалғастыру енді кафедра ұжымы – біздің міндетіміз деп ойлаймын. Кафедраның археолог, этнологтары оқу үдерісімен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатар алып келе жатыр. Кафедраның жетекші археолог-этнолог мамандары ҚР БЖФМ жариялаған ғылыми жобалардың жеңімпазы деуге болады. Бір кездері кафедрада жеті жобаға дейін ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жыл сайын археологтарымыз дала кезіп, қазақтың көне тарихи ескерткіштерін іздеуге археологиялық экспедицияға кетсе, гранттық қаражатпен қамтылған этнолог, музейтанушыларымыз ел арасынан тарихи-мәдени мұраларды жинауға аттанады. Біздің кафедра мамандары өздеріне берілген демалысты да есепке ала бермейді.

Кафедра өміріндегі соны жаңалыққа Археология және этнология кафедрасының профессоры, т.ғ.д. Ә.Төлеубаевтың 2003 жылы Шығыс Қазақстаннан тапқан үшінші «Шілікті алтын адамы» әлемдік археологиядағы сенсация болды десек, артық айтпаспыз. Зерттеу нәтижелері бүгінде мектеп оқулығына еніп, табылған құнды артефактілер негізінде «Раннесакская Шиликтинская культура» атты үлкен монография иллюстративті материалмен жарық көрді. 2020 жылы т.ғ.д., профессор Ә.Төлеубаев жетекшілік еткен археологиялық экспедиция барысында «Алтын сәйгүлік» тапты. Оның құйысқаны, үзеңгісі т.б. алтын-дары осыған дейінгі табылған алтын адамдардың алтынынан біршама көп болыпты. 2020 жылы Семей қаласында Абайдың мерейтойы қарсаңында ҚР Президенті мен мемлекеттік хатшы алдында «Алтын сәйгүлік» барлық жабдықтарымен көрмеге ұсынылды. Ұлы даламыздан ғалымдардың археологиялық зерттеу

жұмыстары нәтижесінде табылған дала өркениетінің адамзат дамуына қосқан теңдессіз үлестерінің бірі, рухани байлығының айшықты белгісі болып табылатын сақтар қолынан шыққан артефактілер біздің сақ дәуірінен сақталынып, үзілмей жалғасып келе жатқан ата-бабалар мұрасының жарқын көрінісі.

Кафедра профессоры, т.ғ.д. М.Елеуовтің де Қазақстанның ортағасырлық археология ғылымына қосқан үлесі айрықша деуге болады. Ол Тараз өңірі, Сырдария аумағындағы ортағасырлық қалаларды ашуда көп еңбек сіңіріп келе жатыр. Тараз өңіріндегі барлық археологиялық ескерткіштердің құжатын жасап, есепке алды. Сол сияқты Ф.Омаров Шығыс Қазақстанның қола, ерте темір дәуіріне қатысты ескерткіштерді зерттеуде көп еңбек етуде. Кафедраның жас мамандары Р.Жұматаев, Б.Бесетаев т.б. бүгінде шетелдік археологтармен бірге қазба жұмыстарын жүргізуде. Этнологтарымыз да гранттық қаржыландыруға қарай кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, нәтижелерін ғылыми журналдарда, жеке кітап ретінде шығаруда. Олар: т.ғ.д., профессор А.Қалыш, Б.Қалшабаева, Т.Қартаева, М.Егізбаева т.б.

Болашақта, әрине, үлкен жоспарлар тұр. Соның бірі ретінде айтар болсақ, мемлекет қолдауымен биыл қыркүйекте Оксфорд университетінде Gold of Kazakhstan (т.ғ.д., профессор С.Самашев, т.ғ.д., профессор Ә.Төлеубаев) атты көрме, Wenner-Gren Foundation Conference and Workshop Grantees қаржыландыруымен халықаралық этнографиялық конференция өткізу жоспарлануда, Ehime University (Жапония) біріккен археологиялық зерттеу жүргізуді мақсат етіп отыр.

Этнология ғылымының зерттеу нысандарының бірі – этникалық тұтастық пен оны қамтамасыз етудің факторлары, этномәдени мұраларды сақтау, дәстүрлі мәдениеттің сабақтасығы немесе ұлтаралық қатынастар үдерісіндегі мәдениеттің трансформациялану мәселелері. Қазіргі жаһандану заманында әртүрлі күрделі де қайшылықта болып жатқан халықтардың көп-түрлі байланысының нәтижесінде этникалық өзгеріс болатыны анық. Ал этникааралық қатынастарда көбіне олардың бір-біріне түсіністікпен қарауы және келісімге жетуі әрбір жақтың өзара әрекеттестіктерінен, байланысқа түсетін этностардың психологиясы, этникалық мәдениеті айқындалады. Осы мәселелерге назар аударуда да Археология, этнология және музеология кафедрасының мамандары тыс қалып отырған жоқ.

Қорыта келгенде, мемлекетіміздің ұлттық саясаттағы негізгі қағидасы – Қазақстан халықтарының бірлігі мен татулығын, толеранттылығын қамтамасыз ету. Осы орайда, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ барлық ұлт өкілдері жастарының білім алу құқығын сақтай отырып, бірдей жағдайда білім алуына мүмкіндік жасау міндетін адал атқарып келеді.

Дайындаған
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Нәтижелі арманға жету жолы қандай?

География және табиғатты пайдалану факультетінің Метеорология және гидрология кафедрасының студенттері «Нәтижелі арман» тақырыбында кураторлық сабақ өткізді.

Төрт жыл университет қабырғасында білім алған шәкірттеріміз оқуларын тәмамдап, қолдарына төрт жыл бойы күткен, өмірлеріндегі маңызды құжаттардың бірі – дипломдарын алады. Университетпен, ұмытылмас естеліктерге толы студенттік шақтарымен қоштасады. Сол себептен де төртінші курс студенттерімен бірге «Нәтижелі арман» тақырыбында ой қозғауды жөн көрдік.

Соңғы жылдары армандауды, армандауға үйретуді табыс көзіне айналдырып жүргендер қаншама?! Ал біз дұрыс армандай білеміз бе? Орыстарда «Мечтать не вредно, но бесполезно» деген қанатты сөз бар. Шынымен де, жай ғана армандап қою бір бөлек, ал сол арманның жетегінде болу мүлдем басқа. Биік арманның мақсаты айқын болары айтпаса да түсінікті. Мақсат анықталғаннан соң, «арманың алысқа апарсын» десен, оны жүзеге асырудың нақты алгоритмін де ойластырып қою керек, яғни қандай да бір уақыт аралықтарына бөле отырып, жоспарлап қою керек. Жоспар – арманың орындалуына қарай басқан күнделікті қадамға есеп беруге міндеттейтін құжат. Жоспар – әрекет етуге, ойынды іске асыруға көмектесетін құрал. Жоспар дайын болса, саналы адамға соған сай әрекет ету, жоспарда белгіленген пункттерді жүзеге асыру тек уақыт пен адамның жеке қалауына ғана байланысты. Осы қадамдар кез келген адамды жемісті нәтижеге әкелері сөзсіз. Сол себептен де арманымыз орындалсын десек, соның

орындалуы үшін мақсатымызды айқындап, жоспарымызды құрып, әрекет етуіміз керек. Әйтпесе ол құр бос қиял ғана болып қалады.

Ашық кураторлық сабаққа қатысқан 10 студент өмірден алынған армандарына жеткен тұлғалар жайында еркін форматта өз ойларымен бөлісті: бірі – интервью, бірі – бейнеролик, презентация, эссе, хабарлама жасап, магистранттардан құрылған қазылар алқасын таңғалдырды. Соның ішінде бірнешеуіне тоқталсақ:

«...Бір студент дүниежүзін аралауды армандаған қарт әженің оқиғасын баяндады. Соның нәтижесінде арманға жетудің ешқашан кеш еместігіне тыңдаушылардың көзін жеткізді». «...Енді бір студент әлемге әйгілі бірінші орындағы технологиялық бренд – Apple-дың негізін қалаған Стив Джобстың қандай еңбектің арқасында айқын мақсатына жеткенін баяндады. Бала күнінен технологияға қызығушылығы ерекше болғаны және бала қызығушылықты әрі қарай кәсіпке айналдырып, соңында қазіргі қауымның қолынан түспейтін Apple брендтік технологиясын дүниеге әкелгені жайлы өмірлік оқиғасы презентация түрінде көрсетілді».

«...Арманның шегі болмайды дейді, арман мақсатқа апарар жалғыз жол екенін білесіз бе? Егер арман орындалмаса, демек, ол сіздің нағыз арманыңыз болмағаны. Оған дәлел тағы бір студенттің Ник Вуйчич жайлы дайындап әкелген жұмысында айтылады. Ол адамның өмір жолы еріксіз жылатады. Балалық шақтың



тәттісінен гөрі ащысына қанып өскен екі қол, екі аяқсыз өмір сүретін, біздің тілмен жеткізгенде, қазіргінің батыры Ник өмірді тек қана сүйіп қоймай, бүкіл әлемді аузына қаратып, бақыттың кілті адамның өзінде екенімен бөліскен оратор, музыкант, жазушы, ерекше тұлға. Никтің бала күнінде өзіне қол жұмсамақ болған кезінде кенеттен туындаған арманына қалай жеткені әсерлі жеткізілді. Оның арманы әлемдегі бай адамдардың қатарына қосылуына ықпал етті. Төрт баланың әкесі қол аяқсыз-ақ бақытты екенін әлемге көзіне жас ала жар салады. Ол «өмірде тірі болғаның үшін де сен бақытты жанысың» дейді және оның пікірінше, өмірге, бізге берерін алуға емес, бізде барымен бөлісуге келеміз деп санайды.

Расында, денің сау, көзің ашық бола, бақытсыз болу адамның өзінен ғана болатынына дәлелдер өте көп. Өмірде бір есік жабылса, екіншісі ашылатынын жадымызда ұстауымыз керек деген ой осы хабарлама барысында дәлелденді». «...Енді бір студентіміз өздерінің жанында жүрген курстастарының да бұл тақырыпқа нағыз дәлел екенін жарыса баяндады. 1-курсқа түсе сала қатарластарының қым-

бат көлікте жүргеніне қызыға қарап, «мен де міндетті түрде мінемін, сендер қуанышыма куәгер боласыңдар» деп айтып қалғанын күліп естеріне алды. Жас болса да, бойындағы қайратын еңбекке жұмсап, алғашында жалдамалы фотограф болып жүріп, өзіне фотоаппарат сатып алып, белсенді түрде суретке түсіруді кәсіп қылып, екі жыл тынбай атқарылған есбектің арқасында бүгін су жаңа темір тұлпардың иесі екенін айтып берді. Расында, 30, 40, 50 жасқа келіп, нәтижесіз өмір сүретін адамдар да өте көп. Оның қасында жас студенттің адал жетістігі үлкен жеңіс деп білеміз».

Мақсатың айқын болса армандар орындалады. Олай болса айқын мақсатқа нық қадам жасауға не кедергі? Еңбек пен ынтыны ту етіп, «сенің қолыңнан түк келмейді» деген жандарға әлемді аяғына неге жығып бермеске?

Бұл ашық кураторлық сабақ барысында қазіргі жастардың жан дүниесінде әлемге деген махаббат, арманға деген сенім, еңбекке деген талпыныстың бары анық көрінді.

А.МУСИНА,
куратор-эдвайзер

Эпидемиолог екпе алудың жайын түсіндірді

Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде COVID-19 вирусына қарсы вакциналау шараларына байланысты өзекті сұрақтар талқыланған кезекті шара өтті. Жиынға оқу орнының қызметкерлері, студенттер және ата-аналар онлайн қатысты.



Білім ордасының медицина және денсаулық сақтау факультетінің мамандары еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға тоқтала отырып, вакцина алуға қатысты халыққа кеңес беру және ақпараттандыру жұмыстарының нәтижелерімен бөлісті.

Жиында Эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасының доценті м.а. Анар Даниярова баяндама жасап, вакцина алудың маңыздылығы мен қауіпсіздігі жайлы айтты. «Вакцина – бұл аурудың алдын алудың және адам өмірін құтқарудың қауіпсіз және тиімді әдісі.

Қазіргі уақытта дифтерия, сіреспе, көкжөтел, тұмау және қызылша сияқты кем дегенде 20 аурудан қорғайтын вакциналар бар», – дей келе, бұл вакциналардың жыл сайын миллиондаған адам өмірін сақтайтынын тілге тиек етті.

Эпидемиолог маман COVID-19 вирусына қарсы елімізде салынып жатқан вакциналар жайлы соңғы мәліметтермен бөлісіп, екпе алудың қауіпсіз екенін,

вакцина енгізілгеннен кейін қолдың ауыруы немесе дене температурасының шамалы көтерілуі сияқты уақытша жанама әсерлер тудыратынын айтты. Себебі кез келген лицензияланған вакцина оны пайдалануға рұқсат берер алдында клиникалық зерттеулердің бірнеше сатысынан өтіп, мұқият тексеріледі.

Анар Бақтыгерейқызы жастар мен олардың денсаулығына алаңдаған ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, екпені қайда және қалай алуға болатынын кеңінен түсіндірді.

Жиын барысында университет бойынша ағымдағы жағдайға сараптама жасалып, ковидтің денсаулыққа тигізетін ауыр зардаптары, сақтану шаралары кеңінен сөз болды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Жас ғалымдар көш бастап тұр


Соңы. Басы 1-бетте

Металдармен және беттік-белсенді заттармен ластанған суларды тазарту үшін экологиялық маңызды органикалық-минералды сорбциялық материалдар әзірлеу (Т.Қайралапова), SoC негізінде 5G сандық радио модульдерін және микротолқынды сигналдарды қабылдау станцияларын дамыту (М.Ибраимов) жобалары ғылымды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынылып, табысты іске асырылуда.

Айта кетсек, 2020-2022 жылдарға гранттық қаржыландыру шеңберіндегі жобаларды жүзеге асыру нәтижелері бойынша елімізде жас ғалымдар 2020 жылы 8 айда 498 жұмыс жариялаған. Оның ішінде 255 жұмыс қолданбалы жобалар, 243 жұмыс іргелі жобалар бойынша жарық көрген. Ал шетелдік басылымдарда 184 жұмыс таныстырылса, олардың 53-і – Web of Science, 88-і Scopus деректер базасында индекстелетін басылымдарда шыққан. Сонымен қатар «Электрохимиялық сілтісдендіру әдісімен марганец кендерінен металл марганецті алу технологиясын әзірлеу» жобасы бойынша бір патент алынған.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Бүгінде интернет беттеріндегі ақпараттарға мониторинг жүргізетін жүйелер сұранысқа ие. Себебі билік те, бизнес те қоғамның өзіне деген көзқарасын білуге құштар. Университетіміздегі деректерді талдау және өңдеу орталығының мамандары Opinion monitoring system деп аталатын жоба жасап шығарды. Бұл жүйенің басты артықшылығы – қазақ тіліндегі деректерді өңдеуге қауқарлы.



Деректерді талдау және өңдеу орталығының жүйелік-әкімшісі Шыңғыс Рабаттың айтуынша, әлеуметтік онлайн-сервистердің қарқынды таралуы және Big Data технологияларының дамуы әлеу-

– интернет кеңістіктегі пайдаланушылардың кез келген жаңалық немесе оқиғаға қатысты ой-пікірін талдауға және белсенділерді қолданушыларды анықтауға арналған жүйе. Қазіргі таңда

OMSystem – қазақ тілінде талдау жасайтын жүйе


меттік желілерден алынған мәліметтерді түрлі салаларда пайдалануға қызығушылық тудырған.

– Бүгінгі таңда «әлеуметтік желілерді бақылау» (social listening) және контент-талдау технологиялары танымал болуда. Бұл қызметтер негізінен шетелдік әзірлемелермен, ағылшын тілінде құрылған лингвистикалық сөздіктермен ұсынылған және олар қазақ және орыс тілдеріне нашар бейімделген. Ал университетіміздегі бағдарлама жасаушы мамандар әзірлеген OMSystem пікірлерді бақылаудың отандық ақпараттық жүйесі мынадай мүмкіндіктер ұсынады:

- ақпараттық кеңістікті бақылау және мәселенің ауқымын анықтау;
- қоғамның пікірін біліп және тез арада түсініктеме беру;
- пайдаланушылардың тақырыпқа қатысуын бағалап, негізгі ықпалды тұлғалардың қоғамдық пікір қалыптастыратын талқылау тақырыптары бар-жоғын анықтау;
- ақпараттық себептер мен оларға деген қатынастарды анықтау;
- дұрыс басқару шешімдерін қабылдау;
- бренд/оқиғалар/іс-шаралар туралы ескертулер динамикасын талдау;
- «лақмус сынағы» қағидаты бойынша қоғамның әлеуметтік ал-ауқатын бағалау.

OMSystem жаңа сервисі еліміздің жетекші жаңалықтар порталын, Facebook, Instagram, V Kontakte, Telegram, Youtube, Twitter сияқты әлеуметтік желілерді, сондай-ақ танымал блогерлердің аккаунттарын, пікір сайттарын, оппозициялық ресурстар мен тұлғалардың аккаунттарын, әкімдіктердің әлеуметтік желілерінің сайттары мен аккаунттарына мониторинг жүргізеді.

– Opinion monitoring system



бұл өте маңызды, өйткені әлеуметтік желілер ауқымды дерек көзіне айналып отыр. Себебі қолданушылар кез келген жағдайға өз пікірін білдіріп отырады. Демек, мұндай ақпараттың барлығына мониторинг жүргізіп отыру қажет, – дейді орталықтың инженер-аналитигі Мадияр Тасболатов.

Президентіміз Қ.Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет» деп атап өткен болатын. Осы тұрғыда орталық мамандары осындай жоба жасап, қоғамға ұсынуды қолға алған.

– Тағы бір айта кетерлігі – қазір қазақ және орыс тілдерін жақсы түсінетін технологиялар жоқтың қасы. Біздің жобамыз дәл осы олқылықтың орнын толтыра алады. Өйткені ол қазақ, орыс және ағылшын тілдерін терең түсініп талдау жасайды. Одан бөлек, статистикалық мәліметтерді де ұсына аламыз. Мәселен,

бір жаңалықты қанша адам көрді, қандай танымал топтар бар немесе қанша адам пікір қалдырды дегендей. Ал демографиялық тұрғыдан алсақ, оның қаншасы ер, қаншасы әйел, қай аймақтар белсенді дегендей сұрақтарға жауап таба аламыз. Тіпті қай әлеуметтік желіде пайдаланушылар белсенді екенін де анықтауға болады. Белгілі бір оқиғаға барлығы негатив пікір қалдырды немесе жағымды сөздер айтылды деген секілді үндестіктерді де байқайтын мүмкіндік бар. Нәтижесінде тапсырыс беруші болып жатқан оқиғаларға сай қалай әрекет ету керегін саралайды, – дейді инженер-аналитик.

Ең бастысы, жүйе талдау нәтижесін боямасыз көрсетіп береді. Маманның айтуынша, жүйені алдай алмайсың, ол әрдайым тура ақпаратты ұсынады. «Бір артықшылығы – осы жұмыстардың барлығы жылдам жасалады. Сіздің әрекетіңіз бар болғаны жүйені іске қосып, нәтижесін күту ғана», – дейді ол.

– Сонымен бірге сарапшы ретіндегі саясаттанушылардың көмегіне жүтінуге болады. Олар

жүйеде жасалған есептерге қарап, қорытынды жасай алады. Мұның барлығын келісімшарт негізінде жасайсыз. Мәселен, платформаға тіркелген соң, сіздің электронды поштаңызға белгілі бір уақытта өзіңіз қалаған тақырыптағы талдаулар келеді. Серверлерге орнатылған жүйе әрдайым жұмыс істейді және командамыз кез келген сұрақтарыңызға жауап беруге дайын, – дейді Мадияр Даниярулы.

Оның айтуынша, OMS жүйесі Social Listening, Machine Learning, Big Data және т.б. технологияларды пайдалана отырып әзірленген.

– Жүйе үш модульден тұрады: біріншісі – жаңалықтарды іздеп табу. Сіз тақырыпты енгізген соң, жүйе автоматты түрде ақпараттық порталдар мен барлық әлеуметтік желілерден кілт сөздер арқылы жаңалықтарды іздейді. Содан кейін оның авторлары мен пікірлерді жинап, соның негізінде талдау жасайды. Ол адамдардың белгілі бір оқиғаға қатысты жағымды-жағымсыз ой-пікірін көрсетіп бере алады, – дейді маман.

Сондай-ақ бұл жүйе мына идея жақсы немесе келесі бір идея нашар деген секілді жалпылама қорытынды да жасай алады. Орталық өкілдерінің айтуынша, Parsers – бұл арнаулы модуль. Ол интернет ресурстардан ақпарат жинайды. Одан бөлек, жасанды интеллект негізінде жасалған лингвистикалық конструктор бар. Ол әрбір сөзді оқып, жинақталған мәліметтерге талдау жүргізеді. Ең соңында дайын болған есеп генерацияланады. Ал жасанды интеллект белгілі бір ақпаратты адамдардың қалай қабылдағанын анықтайды. Алынған мәліметтер өңделген күйде PDF немесе Word форматта тапсырыс берушінің электронды поштасына жіберіледі.

Мәселен, карантин кезінде Деректерді талдау және өңдеу орталығы осындай талдау жүргізген. Коронавирус, пневмония туралы ақпараттардың статистикасын анықтаған. Бірақ қолданушылар мұндай ақпараттарға аз пікір қалдырған. Орталық мамандары тест режимінде бірнеше клиенттен тапсырыс қабылданғанын да сөз етті.

Нарықтағы бәсекелестік туралы сұрағанымызда орталық мамандары OMS жүйесінің артықшылықтары бар екенін алға тартты.

– Әрине, мұндай сервистер кездеседі. Бірақ Opinion monitoring system толық функционалды жүйе деп сеніммен айта аламыз. Өйткені әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізетін өзге платформаардың кейбірі қазақ тілінде қызмет көрсетпейді. Сол үшін біздің ең басты артықшылығымыз – жасанды интеллектің көмегімен қазақ тіліндегі ақпараттарды да өңдеп, қорытынды жасай алуымызда. Одан бөлек, Opinion monitoring system сурет бетіндегі мәтінді де таниды. Бұл Instagram секілді негізгі контенті фото болып саналатын әлеуметтік желілерде толыққанды талдау жүргізуге таптырмас мүмкіндік. Қарапайым жүйелер фотоның бетіне жазылған мәтіндерді оқи алмайды. Ал OMS жүйесі оны оқып, талдай алады, – дейді М.Тасболатов.

Сөзіміздің дәлелі ретінде OMS жүйесі арқылы қазір актуалды болып отырған «Қазақстандағы құрғақшылық» деген тақырыпта талдау жүргіздік. Деректерді талдау және өңдеу орталығының инженер-аналитигі Жанерке Сүндетова талдау нәтижесі көрсетілген есептік баяндама әзірледі. Құжаттан көргеніміздей, 2021 жылдың 1-12 шілде аралығында құрғақшылық, засуха, сельское хозяйство және т.б. кілтсөздер арқылы 165 жазба және 393 пікір анықталды. Оның ішінде мәтіндер оң, ал комментарийлер теріс тоналдылық көрсеткен.

Мұндай қызмет түріне деген сұраныс алдағы уақытта арта бермек. Мысалы, Fortune Business Insights компаниясының болжамына сүйенсек, 2027 жылы бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу нарығы дүниежүзілік деңгейде 6,51 миллиард АҚШ долларына жетпек. 2019 жылы бұл көрсеткіш 2,48 млрд АҚШ долларын құраған. Демек, орташа есеппен нарық жыл сайын 13,2 пайыз өсім көрсетіп отырады.



Большие возможности

В Казахском национальном университете имени Аль-Фараби, направленный в научно-исследовательский университет международного уровня, в центре внимания – качественная подготовка научных кадров. Ежегодно университет выходит вперед в самых престижных международных рейтингах, таких как QS, THE, ARES, наглядно демонстрируя огромный научный потенциал и высокую конкурентоспособность.



Здесь обучающимся преподают и руководят ученые с мировым именем. Университет сотрудничает почти с 500 ведущими вузами мира, привлекая в образовательную деятельность лучших зарубежных ученых. Кроме того, академическая мобильность, двойные дипломы, международные программы Erasmus+, Fulbright, DAAD, Mevlana, Болашак позволяют молодым ученым осваивать опыт в передовых стран мира. Масштабные научные проекты реализуются в 8 научно-исследовательских институтах и 29 научных центрах.

КазНУ – первый национальный университет, открывший за свой счет программу постдокторантуры. В 2020 году в университете работали 35 постдокторантов по приоритетным научным направлениям: IT и искусственный интеллект, нано-технологии, физика плазмы, астрофизика, математика, экология, биотехнология, водные ресурсы, психофизиология, политология и др. Программа постдокторантуры доказала свою эффективность. За период реализации программы постдокторантами опубликовано более 160 статей, 70% из которых опубликованы в журналах Q1, Q2, в некоторых научных областях производительность пост-

докторантов превысила аналогичный средний показатель казахстанских ученых в 10 раз.

На базе университета предусмотрены большие возможности для проведения научно-исследовательских работ молодых ученых и внедрения результатов в производство. Более 10% от общего объема грантового финансирования научно-исследовательских работ выделяется на привлечение обучающихся к исследованиям на платной основе. На эти цели за последние 5 лет выделено около 2 млрд тенге. Это вносит значительный вклад в развитие научного потенциала обучающихся, подготовку научных кадров и обеспечение преемственности научных школ.

КазНУ совместно с научно-исследовательским институтом проблем горения, индексируется на базе данных Scopus «Eurasian Chemo-Technological Journal». Кроме того, вуз – лидер среди вузов и НИИ Казахстана по количеству научных публикаций в рейтинговых изданиях мира, является первым университетом, ежегодно публикующим более 1000 статей в журналах Scopus.

При зачислении отбирается самая достойная и образованная молодежь. С этой целью был сформирован и усиленно рабо-

тует состав приемной комиссии КазНУ. В состав комиссии включены специальные специалисты факультетов, опытные преподаватели и заместители декана. Они оказывают качественные и оперативные услуги в онлайн и офлайн формате с целью проведения профориентационной, консультативной и разъяснительной работы.

Для абитуриентов запущена система электронной очереди. Молодые люди больше не стоят в длинных очередях, документы принимаются в электронном виде. С применением новейших цифровых технологий для абитуриентов созданы все комфортные условия. Самая необходимая и важная информация публикуется ежедневно на официальном сайте и в социальных сетях. В настоящее время начаты комплексные тестовые экзамены для поступающих на магистратуру. Абитуриенты сдают вступительный экзамен в электронном виде. Тестирование, начнется с 20 июля по 10

августа. С 10 по 25 августа будут приниматься заявки на грант. Предельный балл по поступлению на магистратуру – 75 баллов. Для поступления на платной основе необходимо набрать 50 баллов.

В формат поступления на магистратуру в этом году изменения не внесены. Общее тестирование для абитуриентов состоит из 3 этапов: тест по иностранному языку; тест на определение готовности к обучению; тест по профилю группы образовательных программ. На сдачу экзамена отводится 4 часа. Абитуриент, имеющий международный сертификат, подтверждающий владение иностранным языком, освобождается от комплексного тестирования по иностранному языку. Прием документов на докторантуру закончился 3 августа. Вступительные экзамены на докторантуру пройдут с 4 по 20 августа. На докторантуру могут подать кандидаты со степенью магистра и стажем работы не

менее 9 месяцев. По медицинским специальностям принимаются лица, завершившие обучение в резидентуре.

Согласно информации Министерства образования и науки, для поступления по образовательным программам докторантуры обязательно наличие сертификата, подтверждающего владение иностранным языком. Максимальный показатель вступительного экзамена на докторантуру – 100 баллов. Из них эссе – 20 баллов, тест на определение готовности к обучению на докторантуру – 30 баллов, вопросы профильного экзамена – 50 баллов. На 2021-2022 учебный год на магистратуру выделено 13 263 государственных гранта, на подготовку PhD – 1 890. Также в предстоящем учебном году стипендии студентов увеличатся на 20%, магистранты будут получать более 76 тыс. тенге, а докторанты – более 172 тыс. тенге.

КазНУ готовит специалистов по группам образовательных программ на уровне магистратуры – 92, докторантуры – 75. Также университет в рамках проекта интеграции науки и образования совместно с 10 научно-исследовательскими институтами Комитета науки МОН РК, успешно реализует совместные учебные программы по подготовке магистрантов и PhD докторантов. На сегодняшний день подготовлено 147 докторантов. КазНУ приглашает на учебу молодых людей, имеющих потенциал к науке. Приходи в лучший университет страны, реализуй свой потенциал! Соверши открытия, которых нет в мире, Принеси пользу своей стране, человечеству, покори вершину науки!

**Каиржан
ТУРЕЖАНОВ**

Политология – наука Аристотеля

Все хотят знать, что происходит в стране и за её пределами. И конечно же мы пытаемся, основываясь на те знания, которые мы имеем, понять причины действий общественных деятелей и власть имущих людей, а также задаемся вопросом почему и как это произошло. Большой интерес вызывают прогнозы на будущие события. Конечно же, есть люди, которые не раз доказывали, что они понимают в политике намного больше основной массы людей. Наука о понятии политолог появилась благодаря трудам всемирно известного Аристотеля.



из выше сказанного, и хочется поделиться информацией о факультете философии и политологии в КазНУ имени Аль-Фараби, а именно о кафедре политологии. Роль кафедры политологии состоит в рационализации знаний о политике, развитии политологического образования, минимизации политических угроз и вызовов обществу и государству в условиях глобальных тенденций настоящего времени.

Среди приоритетных задач кафедры политологии на ближайшие годы – повышение роли кафедры политологии в оказании научно-практического содействия выработке основных направлений государственной политики Казахстана, путем научных обсуждений, экспертных оценок и подготовки ежегодных докладов факультета по вопросам государственной политики.

В кафедре работали и работают над обеспечением и формированием индекса авторитетных научных изданий,

публикующих результаты исследований отечественных и зарубежных авторов, посвященных политической системе, теории политики, истории социально-политических учений, международным отношениям. Кроме того, это относится к осуществлению профессиональной экспертизы проектов образовательных стандартов, программ, учебно-методической литературы по политологии; поддержка научной деятельности и проведение научных мероприятий; удовлетворение потребностей профессиональной занятости политологов; создание инновационных механизмов, объединяющих политологическое сообщество и представителей иных профессиональных сообществ, повышение конку-

рентоспособности отечественного политологического сообщества.

Факультет философии и политологии, который осуществляет подготовку по 10 специальностям, реализует двухдипломные программы с ведущими университетами, совместные обучающие программы с ведущими зарубежными вузами. Обучение в университете ведется на трех языках (казахский, русский, английский), высококвалифицированный профессорско-преподавательским составом. Программы направлены на то, чтобы способствовать формированию творческого мышления, получению информации на новом качественном уровне, пониманию системных связей. Коллектив факультета философии и

политологии, а именно коллектив кафедры политологии активно внедряет новые образовательные методики, сочетает богатые традиции и опыт политологического знания, накопленный за период своего существования, использует новые технологии и принципы образовательного процесса.

Студенты-политологи имеют возможность обучаться в рамках программы академической мобильности в ведущих вузах мира. Кафедрой создаются необходимые условия для самореализации личности обучающихся: проводятся встречи с видными отечественными и зарубежными учеными, политиками, круглые столы, научно-методические конференции, тематические кураторские часы; спортивные соревнования по различным видам спорта; организовано посещение культурных объектов: выставки, музеи, театры. Во всех 6-и кафедрах факультета работают известные ученые, блестящие педагоги, профессионалы своего дела. А так же проводятся встречи с видными отечественными политиками, проводятся научно-методические конференции, круглые столы, тематические кураторские часы; спортивные соревнования по различным видам спорта; проводят организационную работу по посещению культурных объектов.

Г.НАСИМОВА,
доктор п.н., профессор

Е.БАЗАРБАЙ,
студент 1-го курса
докторантуры ф-та
философии и политологии

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінің Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының жетекші доценті Нұрмат Тұңғатаров 53 жасында өмірден өтті. Физика-математика ғылымдарының кандидаты Нұрмат Нұрғазыұлы өз ісіне берілген бірегей ұстаз болатын. Ол шыдамдылық, әділеттілік және табандылық секілді қасиеттерімен өзгелерге үлгі еді және Қазақ елі мен Отанының болашағы үшін жанын салып еңбек етті.

Ғылымда өз қолтаңбасы бар еді...

Ол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 26 жыл жұмыс істеді. 1995 жылдан бастап көптеген кітаптар, ғылыми мақалалар, тезистер, баяндамалар шығаруға үлес қосты. Оның еңбек тәжірибесі халықаралық және республикалық деңгейде танымал болатын. Өз тәжірибесін үнемі жетілдіруге еңбектенді. Ол факультет пен университеттің әдістемелік және тәрбие жұмысында өз қолтаңбасын қалдыра білген тұлға.

Нұрмат Нұрғазыұлы еңбек жолын 1993 жылы Іргелі талдау кафедрасының ассистенті ретінде бастады. Ал 1997 жылы Сандық және іргелі математика кафедрасының аға оқытушысы болды. 2001 жылдан Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының аға оқытушысы, 2002 жылдан бері кафедра доценті ретінде қызмет етті. 2011-13 жылдары Математикалық



және компьютерлік модельдеу кафедрасында оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша кафедра меңгерушісінің орынбасары болып жұмыс істеді. 2013 жылдың 14 қаңтарынан бастап, 2018 жылға дейін маханика-математика факультетінде оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша деканның

орынбасары болды. Сондай-ақ 2018-19 жылдарда ақпараттық технологиялар факультетінде оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша деканның орынбасары қызметінде тер төкті.

«Еңбек сіңірген оқытушы Нұрмат Нұрғазыұлы өзінің саналы өмірін білім мен ғылымға арнады. Оқытушылар, әріптестер мен студенттерге әрдайым көмектесіп, құнды кеңестер беріп, дұрыс жолға бағыттады. Ол еңбек пен істі бағалайтын ізгі тұлға еді. Тамаша ұстаз туралы жарқын естелік біздің жүрегімізде мәңгі қалады» деп еске алады жолдастары.

Университет ұжымы мен достары Нұрмат Нұрғазыұлының отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және жолдастары

Біздің оқырман



Берекет КӘРІБАЕВ,

тарих ғылымының докторы, профессор



Суретті түсірген – Досжан Балабекұлы

Лидерство – это способность добиваться необыкновенных результатов от обыкновенных людей. Сегодня как никогда наше общество испытывает потребность в лидерах – дальновидных, смелых, способных раздвигать новые горизонты, открывать новое.

Недавно, в конце июля нашей первой группе счастливых, 40 преподавателям, сотрудникам и лучшим студентам-активистам из Казахского национального университета им. Аль-Фараби удалось провести незабываемый отдых на берегу озера Иссык-Куль. Студентам не только оздоровиться в курортной зоне, но и посетить развивающие тренинги, подготовленные преподавателями кафедры общей и прикладной психологии Мадалиевой З.Б., Садвакасовой З.М., где были заложены базовые навыки, которые необходимы каждому лидеру.

В наши дни стремительного роста информации лидеры отличаются тем, что последова-

Активный отдых на озере

тели выбирают их добровольно. Это требует от будущих лидеров еще большей подготовленности, харизмы, ответственности и смелости. Обучение лидерским качествам уверенно входит в деловую культуру как в нашей стране, так и за рубежом. Когда же обучение проходит в окружении восхитительной природы, высоких горных хребтов, еловых лесов, уникального горного озера, приобретенные знания, умения и навыки усваиваются еще более интенсивно и прочно. Немаловажно и то, что во время поездки студенты разных факультетов, и факультета философии и политологии, и химии, и биологии, и географии и других, почувствовали себя одной дружной сплоченной командой, получили стимул для успешной учебы и активной общественной деятельности во время учебного года.

Глубокое озеро, чистый прозрачный воздух, ясные очертания гор, – все кажется нашим героям занимательным и волшебным. С самого утра здесь уже слышно пение прибрежных птиц, когда



идешь по аллее напрямик к побережью озера. Сотни кустов созревшей облепихи и цветущего вереска, привлекают ранних отдыхающих к утренней прогулке. Ежедневно уже с 6-ти утра пляж оздоровительного лагеря КазНУ им аль-Фараби полон активистов, готовых совершить первые заплывы. Здесь природа словно призывает к свободе, к новым свершениям, она дает крылья, и ты как будто летишь

над прозрачной, немного синевой, гладью озера. Студенты активисты КазНУ не только отдыхали в объятиях прекрасной природы сказочного озера Иссык-Куль, закаляли свое здоровье, но и участвовали в специально организованных программах, чтобы интересно провести каждый момент. Талантливая молодежь нашего университета проявила свое мастерство: пели песни, плясали

под музыку, читали стихи. Кураторы-эдвайзеры провели семинары-тренинги на тему развития коммуникативных и лидерских качеств, эффективного использования времени.

Я уверена, что такое редкое сочетание морского и горного климата не только положительно повлияет на здоровье путешественников, но и даст им новый заряд энергии для ошеломляющего старта нового учебного года. Надолго запомнится наш выезд в оздоровительный лагерь на берегу озера Иссык-Куль. Это были чудесные дни, наполненные настоящими приключениями и запоминающимися событиями. Я очень благодарна организаторам – работникам профсоюза родного университета и ректору Жансеиту Кансеитовичу Туймебаеву за возможность быть частью большой и дружной команды! Все мы чудесно отдохнули, замотивированы и готовы к продуктивной работе!

Жанна КАРАБАЛИНА,
магистрант 2-го курса,
специальности
«Клиническая психология»
факультета философии и
политологии

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Кәмילה ДҮЙСЕН,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орта-
лығында теріліп, беттелді. «Қазақ
университеті» баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.